

# Қалдықтарды басқару тәсілі және оларды азайту мен кәдеге жарату бойынша бастамаларды іске асыру

Қалдықтардың негізгі көлемі өңдеу, қайта пайдалану немесе кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйымдарға беріледі. Беру сәтіне дейін қалдықтар сақтаудың белгіленген мерзімдері мен талаптарын сақтай отырып, кәсіпорын аумағында уақытша орналастырылады, бұл қоршаған ортаға әсер ету тәуекелін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ секторында тарихи мұнай қамтылған қалдықтарды кәдеге жарату және ластанған жерлерді рекультивациялау бағдарламаларын іске асыру жалғасуда.

2025 жылы 338,8 мың тонна тарихи мұнай қалдықтары кәдеге жаратылды. 2018 жылдан бері 4,6 млн тонна қалдық өңделді, «Қаражанбасмұнай» АҚ келісімшарттық аумағындағы тарихи ластанулар толық жойылды.

Корпоративтік және офис орталықтарында біз қалдықтарды бөлек жинауды — пластик, алюминий және макулатураны — одан әрі өңдеуге берумен қоса енгіземіз. Мәселен, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-де экологиялық байқау аясында 30 мың дана пластик бөтелке мен алюминий банка жиналды, сондай-ақ 75 кг макулатура өңдеуге берілді.

## 2025 жылы қалдықтармен жұмыс істеу

